



№22 (10215)  
28 наурыз  
сенбі  
2026 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Акция

## МӨЛДІР БҰЛАҚ:

















### ЕЛДІК ІСКЕ АЙНАЛҒАН БАСТАМА

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясы бастау алды. Бұл бастама Наурызана онкүндігі аясындағы «Таза күнімен» тұспа-тұс келіп, табиғатты аялау мен қоршаған ортаны қорғау идеясын кеңінен насихаттауды көздейді. Шараның негізгі мақсаты да сол, табиғи су көздерін қорғау арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Бұл – жай ғана тазалық емес, қазақтың ежелден келе жатқан «су – тіршілік көзі» деген танымын жаңғырту.

Биыл акцияның алғашқы кезеңі еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі 28 бұлақта өткізілді. Атап айтқанда, Шымкент қаласы мен Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Жетісу облыстарында қарқынды жүрді. Акцияға бір мезгілде шамамен 3,8 мың адам қатысып, табиғатқа жанашырлық танытты. Олар бұлақтардың көзін ашып, қалпына келтірді. Сонымен қатар айналасындағы аумақтар тазартылып, абаттандырылып, қоқыс жиналып, көшеттер отырғызылды.

Еске сала кетсек, былтыр қыркүйек айында «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясы аясында Су ресурстары және ирригация министрлігі мен ведомствоға қарасты ұйымдардың мамандары еліміз бойынша бұлақтар мен жағалау аумақтарын тазалау жұмыстарын жүргізген болатын. Іс-шараға 4 мыңнан астам адам қатысып, 300 тоннадан астам қоқыс жиналды. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген тәміл – халық даналығынан туған тағылымды сөз. Жалпыұлттық науқанның түпкі мақсаты дәл осы тәмілмен үндес. Сыр жұрты да байыпты бастамаға бір кісідей ұйымшылдықпен қатысты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері және экобелсенділердің қатысуымен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Мөлдір бұлақ» атты ауқымды экологиялық акция Сыр елінде де жоғары деңгейде өтті. Бұлақтар мен жағалау аумақтарын тазартылып, оған 16 мыңнан астам адам қатысты. 425 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен қатар 140-тан астам арнайы техника жұмылдырылып, жұмыстың сапалы әрі жедел орындалуына мүмкіндік жасалды.

Облыстың барлық ауданында Сыр-



дәрия өзені жағалауы, Арал ауданындағы «Ақеспе», Жаңақорған ауданындағы «Қайнарбұлақ» табиғи су көздері тазартылып, маңы абаттандырылды.

Жалпы бұлақтар су ресурстары тапшы аймақтар үшін баламалы су көзі ретінде ерекше маңызға ие. Осындай игі бастамалар табиғатты қорғаудағы ортақ жауапкершілікті арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға сүбелі үлес қосады. Айта кету керек, аймақта «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс атқарылууда.

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен демалыс орындары, балалар ойын және спорт алаңдары, қоғамдық кеңістіктер кезең-кезеңімен қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи талаптарға сай жөндеуден өткізілуде. Соңғы жылдары бюджет және демеушілік қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, тұрғындар игілігіне берілді. Сонымен қатар жуырда Президент саябағы қайта жаңғыртылып ашылды.

Бұдан бөлек облыстық бюджет есебінен 475 млн теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынып, іске қосылды.

«Тазару күні» аясында ауданда тазалық шараларымен қатар тал егу акциясы ұйымдастырылды. Акцияға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, тұрғындарды «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасына белсене аталысуға шақырды. «Мөлдір бұлақ» жобасы аясында ауданда Сырдария




өзені жағалауында тазалық жұмыстары жүргізілді. Аталған акцияға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов қатысып, шараның маңыздылығын атап өтті. Акция барысында аудандағы «Қазушар» өндірістік учаскесінің қызметкерлері және өзге де су шаруашылығы мекемелерінің мамандары өзен жағалауына тазалық жұмыстарын атқарды. Шараға белсене атсалысқандар арасында жерлесіміз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Жауынбай Ерсұлтан да бар.

– Су тіршіліктің қайнар көзі екені бәрімізге белгілі. Су айдындарының таза болуы – халық денсаулығының негізі. Осыған байланысты аудан жұрты жұмылты тазалық жұмыстарына қатысып жатырмыз. Әрбір адам туған жерінің көркеюіне үлес қосса, табиғатымыз да таза әрі жеріміз бізді еді. Алдағы уақытта да мұндай игі бастамалардан шет қалмай, белсенділігімізді жалғастырамыз, – дейді ол.

Өзге елден іздейтін сулулықтың бәрі өз жерімізде, ойы да, қыры да тұнған көркемдік. Сыр өңірінің халқы ежелден табиғатпен біте қайнасып, тіршілігін жер мен суға сүйеп келгені әріден аян. Оңтүстігінде күріш екен, батысында теңізінің балығымен, солтүстігінде өрбіткен ел табиғаты тіршіліктің өзеі санаған. «Әкеден мал қалғанша, тал қалсын» деп жасыл желекті қадірлеген жұрт бұлақ пен суды да киелі көрген. Бұлақтың көзін ашу сауапты іс, ал суды ластану аманатқа адалдық деп түсінген халықпыз. Әр мөлдір бұлақ – атадан қалған мұра, ұрпаққа табыстар қазына. Осындай игі істер арқылы табиғат пен адам арасындағы қасиетті байланыс жаңарып, туған жерге деген құрмет тереңдей түседі. Осы орайда табиғатты аялаудан басталған шара – бүгін мен ертен үшін де мәні зор бастама.

Гүлжан ЕСЖАН

Ел жаңалықтары



## СУ ТАСҚЫНЫ: ҚАУІП ӘЛІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

Күні кеше Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару орталығында елдегі су тасқыны жағдайы талқыланды. Бірақ бұған дейін су тасқыны кезеңіне дайындық алдын ала басталған. Қазір жоспарланған су тасқынына қарсы іс-шаралардың 92 пайызы орындалған. Наурыздан бастап Төтенше жағдайлар министрлігінің жедел су тасқынына қарсы штабы жұмысқа кірісіп, жағдай тәулік бойы бақылауға алынған.

Өңірлерде бөгендерді нығайту, өзен арналарын тазарту, тереңдету, дренаж жүйелері мен каналдар жөндеу мен су өткізу құрылыстарын жаңарту сынды ауқымды жұмыс жүргізілген. Бұл шаралардың нәтижесінде 234 елді мекен су тасқынынан қорғалып, 736 елді мекен үшін су басу қаупі төмендетілген. Ал 1 242 су тасқыны қаупі бар елді мекеннің 272-сінде қауіп әлі де сейілмеген.

Оңтүстік өңірлерде су тасқыны қаупі кезеңі аяқталды. Қазір су тасқыны қаупінің шарықтау кезеңі Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында сақталып тұр. Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай мен Абай облыстарындағы жағдай бақылауға алынған.

Наурыз айының басынан бері Абай облысында жеке

тұрғын үйлерді су басудың б жағдайы тіркелді. Олар ауа температурасының күрт жылынуды мен жауын-шашынның салдарынан болған. Қазіргі таңда аталған жағдайдың салдары жойылған. Министрлік өңірлердегі жағдайға байланысты жерден де, әуеден де бақылау жалғасатынын мәлімдеді.

Синоптиктер 28-30 наурызға арналған ауа райы болжамына үнілсек, алдағы күндері республиканың басым бөлігінде күн жылынады. Болжам бойынша, еліміздің оңтүстігінде термометр бағаны +30°C-қа дейін көтеріледі. Алайда батыс өңірлерде және оңтүстіктің таулы аймақтарында кей күндері найзағай ойнап, жаңбыр жаууы мүмкін. Республика бойынша жел күшейіп, оңтүстікте шаңды дауыл тұруы ықтимал.

«ЖЖЖ» ақпарат

Отбасылық бизнес

Бүгінде «кәсіп бастаймын» деген кез келген адамды мемлекет қаржылай қолдауға дайын. Соның арқасында жеңілдетілген пайызбен несие, қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін бастағандар қатары көбейді. Мәселен, Аққыр ауылында былтыр 4 ауыл тұрғыны мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грантқа қол жеткізген. Соның бірі – Ерлан Табынбаев. Арнайылап ауылға атбасын бұрған соң, іскер азаматтың кәсібінмен танысуды жөн көрдік.

## АТАКӘСІПТІ ЖАЛҒАҒАН

Мемлекеттік бағдарламаның арқасында кәсібін дөңгелентіп, ризық-несібесін тауып отырған Ерекең қорада төрт түліктің жем-шөбін қамдап жатыр. Кейіпкеріміз мал шаруашылығы бағытында, дәлірек айтсақ, сүт бағытында мал басын көбейту үшін былтыр «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы 1 млн 550 мың теңге қайтарымсыз грант иеленген. Ерлан Табынбаев тиісті қаржыға 4 бас бұзаулы сиыр алып, ауладағы қорасына қамғаған. Іскер азаматтың күнделікті жұмысы таңертең ерте қорасындағы төрт түліктің жем-суын берумен басталады.

Ол сиырларын күніне бір мезгіл, яғни кешке сауатынын айтады. Сөзіне сүйенсек, бұл кәсіпте оған келіншегі Гүлмаржан қолғабыс етуде. Күніне 20 литрдей сүт алатын отбасы ауыл тұрғындарын сүт, айран одан қалды құртпен, қатықпен қамтамасыз етіп отыр.

– Кәсіп бастаудағы мақсатым – төрт түліктің басын көбейтіп, сол арқылы ет, сүт өнімдерін өндіру. Ауылда ағарған өнімдеріне сұраныс жоғары. Шыны керек, өнімдерім күнделікті ауыл тұрғындарынан артылмайды. Мен осы атакәсіп арқылы отбасымызды асырап отырмын. Қайтарымсыз грантқа құжат тапсыруға жергілікті әкімдік қызметкерлері кеңес берді. Жалпы олар іс бастау үшін мемлекеттен үлкен қолдау болатынын халыққа ұдайы түсіндіріп келеді.

Соның нәтижесі болар, бүгінде ауылда кәсіппен айналысуға ниеттілер қатары көбейді. Нәтиже де жоқ емес, бұрын іскер азаматтар саусақпен санарлықтай еді. Қазір олардың да қатары көбейді. Тіпті «тауарымыз өтпей қалады» деген қауіп жоқ, керісінше ауылдан-ақ артылмай жатыр, – дейді Ерлан Табынбаев.

Аққырлық кәсіпкердің тындырымы тірлігін көріп, атакәсіпті жандандырып отырған отбасыға риза болдық. Балашағасының несібесін мал шаруашылығынан тауып, әлі де оның бүгінде мақсаты айқын. Кейіпкеріміз екеуара әңгіме барысында бұл кәсіппен ең алғаш әкесі айналысқанын айтты. Ес білгеннен әкесіне қолғабыс ете жүріп, еңбекке етене араласқан Ерланға атакәсіпті қолға алу аса қатты қиындық туғызбаған.

Ол осыдан 6 жыл бұрын өз қаражатымен жылқы шаруашылығын қолға алған. Ерланның бұл кәсіпті бастауына ет бағытында ауылды өз өнімімен қамтамасыз ету себеп болған. Таңдауы төрт түліктің ішіндегі жылқыға түскен кәсіпкеріміздің қазіргі таңда қорасында 2 бас жылқы байлаулы. Ол жылқыларды бордақылап, ауыл тұрғындарына келісін 2600 теңгеден беретінін айтады. Тіпті кейде аудан орталығынан да етке сұраныс түседі екен.

Кәсіпкердің айтуынша, малға керек жем-шөптен мәселе жоқ, ауыл шаруаларынан сатып алады. Жасыратыны жоқ, жоңышқаның бағасы жыл сайын қымбаттауда. Десе де, кейіпкеріміз бұған еңсесін түсірмей, керісінше жұмысын ширата түсуде. Мемлекеттен қосымша қаржылай қолдау болып жатса, кәсібінің екінші тынысын ашу да жоспарда жоқ емес. Келешекте мал басын ұлғайтып, сауын жылқылар әкеліп, сауалмау сауып, табыс тайқазанын кеңейтуді көздеп отыр.

Ауылда өскесін болар, кәсіпкер атакәсіптің қыр-сырын бек саусағында біледі. Бізге жайылымда жүрген сиырдың төлдері мен байлаудағы жылқыларын көрсетіп, бордақылаудың ерекшеліктерін түсіндіріп жүргенде ауылдан ауыл тұрғындарының бірі кейіпкеріміздің өніміне тапсырыс беруге келгенін аңғардық.

– Мен Ерлан мен Гүлмаржанның сүт өнімдерінің тұрақты тұтынушысымын. Күнделікті балғын күйде қою сүті мен ара-тұра сары май, айран алып тұрамын. Ешқандай қоспасыз, таза жасайтындықтан отбасымызға қатты ұнайды. Бағасы да қалтаға қонымды. Жыл он екі ай сүтін, қыста құрттың, жазда айранды алып тұрамын. Сырттан жақын ағайындарымыз қыдырып келгенде «ауылдың дәмін сағынған болар» деп осында жүгіріп келіп, құрт пен сары май аламын. Арасында жылқы етін де алып



тұрамын. Бұл отбасының өнімін жаппай ауыл тұрғындары сатып алатындықтан алдын ала тапсырыс беруге тырысамыз, – дейді ауыл тұрғыны Бекет Тілеуберген.

«Әрекетке – берекет» демекші, кез келген адам мақсатына жетеді. Кәсіптің қай түрін қолға алса да, оған бар ынша-жігерімен кіріспесе, нәтиженің шығуы екіталай. Біз әңгімелеп отырған кейіпкеріміз бұл кәсіптің қыр-сырына жа-стайынан қанық. Жоғары оқу орнын бітіріп, қолына дипломын алса да, кәсіппен айна-лысуды жөн көрген кейіпкеріміз еңбеккер.

Жалпы Аққыр ауылында кәсіппен айналысып, оны отбасылық бизнеске айналдырғандар саны жыл сайын арту-да. Шағын кәсіп иелерінің басым бөлігі

атакәсіп, яғни мал шаруашылығына ден қойған. Еңбек ету арқылы нан тауып, бұл үрдісті жалғастырып аққырлықтар бүгінде кәсібінің нәсібін көріп отыр. Қаншама ауыл тұрғыны мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грант арқылы екі қолға бір күрек табуда. «Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді» демекші, аядай ғана ауылда кәсіп ашқан кейіпкеріміздің еңбегі – адал, мақсаты – анық. Оған біз ауылға жасаған сапарымызда көз жеткіздік.

Жалпы мемлекет салаға қадам басқан жандарды жан-жақты қолдап отыр. Бастысы, ынша керек. Мұнан кейін қаражат өз мақсатына бағытталса, қалғаны уақыттың еншісінде.

Сезім НҰР



Ақарық – 40 жыл

Қай қоғамда болсын өткен тарихымызды білмей алға қадам басу мүмкін емес. Кез келген елдің, жердің өз тарихы болады. Кейінгі ұрпақ қателеспес үшін тарих бұрмаланбай нақты дәйектермен жазылуы тиіс. Тарихи деректерге сүйенсек, Жалағаш ауданының оңтүстігінде орналасқан Ақарық ауылдық округі бұрын, яғни 1925 жылы Аламесек ауданының орталығы болған. 1986 жылы 5 мамырдағы Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің №359 бұйрығына сәйкес Қазақстанның Ленин Комсомолы атындағы совхоздың бөлінуіне байланысты жаңадан ұйымдастырылған Ақарық совхозы Аламесек ауылдық кеңесі атауымен жұмысын жалғастырып келеді.

Ақарықтың киелі топырағынан шыққан найзаның ұшымен, білектің күшімен елін, жерін жаудан қорғаған батырлар мен елдің бірлігін сақтаған билер, ауылдың құрылып қалыптасуына атсалысқан ер азаматтар мен еңбек адамдары жетерлік. Ақарық ауылы туған жерін, елін ханғар шапқыншылығынан қорғаған жәу жүрек Есет батыр, қара қылды қажырып, әділдікті ту еткен Өмірбай шешен, көріпкел Айтман әулие, қарымды қаламгер Асқар Кіребаев, Бексейт Шайланов секілді ақын-жазушылар шыққан киелі әрі таланттылар мекені десе де болады. Біз бұл мақалада еңбек адамдарының есімін тізбелеп жатпай-ақ Ақарық ауылының тарихи мен құрылып қалыптасу, өсіп-өркендеу кезеңдеріне қысқаша тоқталуды жөн көрдік.

Аламесек – көлдің аты. Бұл көлді неге Аламесек деп атады? Оның да өзіндік мәні бар. Көнекез қариялардың айтуынша, бұл көлдің бұрынғы атауы «Қоғалы көл» болса керек. Көлдің шығысында Қанлы, Ошақты, терістігінде Сарбелде керейт ағайындар мекендеген. Керейт Жанәбілдің Аллаһ атты баласы болған. Ол салтанат құрып, аң аулап жүріп, қанлы Байбатырдың топ болып серуендеп жүрген Месек атты қызына кездеседі. Олар бірін-бірі іштей ұнатып, екінші рет кездесудің орнын, уақытын белгілейді. Сол кезде Жаңадария бойын мекендеп отырған Қарақалпақ елінің Аллаһ атты жігіті Месекке ғашық болса керек. Алайда Аллаһ Месекпен уәделескен жеріне бармақты болып, Месек Мейлі мен Мендікыз атты екі серігін ала шығады.

Уәделі жеріне жақындай келе екі серігін кері қайтарып, ілгері қопа қамыс ішімен жүре береді. Қамыс ішімен жүрген соң мұз айдынына кездесіп, атты адамды көтере алмай мұз ойылып, Месек суға кетеді. Аллаһалаған қыз дауысын естіген Аллаһ да Месекке жете алмай суға кетеді. Судан алып шыққан Аллаһ мен Месектің мүрдесін ұзаққа алып бара алмай, көл жағасындағы үлкен жолдың шетіне жерлеп, үстіне кесектен салған төртқұлақ езіліп, төмпешік болып қалады. Үстіне үлкен ақ шенгел шыққан. Осы күндерге дейін бейбітші, жұма күндері көлден үнемі сыңсыған қыз дауысы шықса, «қорым басынан от жаңып тұрушы еді» деп айтатын көнекез қариялар.

Екі жастың ғашықтық өмірі осылайша аяқталады. Сол кезден бастап көлді Аллаһ-Месек деп кеткен, кейін келе-келе «Аламесек аталып кеткен» деген дерек бар.

Жоңғарлармен кезекті шайқастан кейін Қаратау бойынан еліне оралған Есет батыр жолшыбай келе жатып, жанындағы қарақалпақ көкереінен жөгі тама Аман батырдың мерт болғанын естиді. Соны естіп қылыш хан шахарына келеді. Бұл жерді мекен еткен қарақалпақ елі Жаңадарияны бойлап, төменгі жағына көшіп кетеді. Батыр Қазалы қолтығына келіп, Аманның басына осы жердегі тамасы, әліміз бірігіп белгі мұнара тұрғызды. Сол тұрғызған мұнара белгі Сара, Аман, Қоса аталыпты.

Елек жағалауына келген соң тамалардың ірі бастыларының басын қосып Жаңадария өзені бойы бос жатқан жердің сулы да нұлы екенін айта келіп, «тоғайлы нұдан қоныс сақтап, мал жайлары болады, жанына ағайын-туыс сақтап, дұшпанына айбарлы болады, сулы жерге егін екі, қарын тояды, халқын тоқ болса, ажарың болады, бірлікте бол, бірлігің болмаса, қолдан жасаған ажалын болады» деп қорытындылайды. Сонда құрақ тама Жүздібай «Ондай жер болса, барғанымыз дұрыс, ертерек еге болып қалғанымыз дұрыс, болып қалар ұрпаққа қоныс» десе, Есмахан Қысқабай ата да одан қалыспай «Мыңғырған малың болса, ажарың емей немене, ағайын дәулетті болса, базарың емей немене, жері шұрайлы болса, атақонысқа ыңғайлы емей не, ерен көшіп барып тігіліні ірге қоныс кереген» деп батыр ойын қолдап келтіпті.

Ертеде Қыпшақ пен Жаппас арасында егес дау болып, екі-үш жылға дейін келісімге келмеген соң төрелікке жүгіну үшін Тама Өмірбай шешенге келіпті. Ол кезде Өмірбайдың қартайған кезі болса керек. Келген билердің қонақасын беріп, шаруаларын білгеннен кейін Өмірбай сүйеніп шыға таяғын екі



бөліп, билердің қолына ұстатыпты. Бұл іске түсінбеген билерге ол «бірлігі кетер елдің тілмен жұмсар қауыры ғой. Тілден гөрі түртіп жүруге тақ жаксы емес пе, кері кетер ел бірін бірі түртіп жүреді. Бірінен бірі үркіп жүреді. Сөздің құны, ердің қадірі болмайды. Сөзі де, өзі де сары майдан кілкіп жүреді» дейді. Тағы да Өмірбай кідіріп тұрып:

«Атадан үшеу тусын,  
Пайдасы барма ұрыстың.  
Елде береке бола ма,  
Ей, Дүние. Мал дүние опасы.  
Артылдырып не отырсыз,  
Бірікпесе бірлік бола ма,  
Өзінді өзін шапқаннан ірілік бола ма?  
Теріс іс жайылып елге кетті,  
Ескірген таста жерге кетті,  
Құшақтасар уақыт жетті» деген екен.

Аталы сөзге тоқтаған билер бір-бірімен құшақтасып, төс қағысқан екен. Ақарық совхозы негізінен іріленген Ақарық колхозының ізінен бой көтерді. Еліміздің колхоздастыру кезеңі басталған кезде майда, ұсақ артельдер бірігіп, Аламесек әкімшілігінің территориясында Ақарық, Жанарық, Көкпай, Тарамкөл, Жаңадария колхоздары өмір сүрді. Колхоз алғашқы кезде тек егін шаруашылығымен айналысты. Жүзеге асқан жұмыстың басым көпшілігі қол күшімен атқарылған.

Елде колхоздастыру басталып, жеке колхоздар орналасқан елді мекеннен 14-15 шақырым қолдан қазылып, Аламесек, Дәулет көлі деп аталатын көл табанына саға жасалады. Ақарық, Жолмы, Ақсақал деп аталатын су жолдары арқылы елді мекеннен 5-10 шақырым қашықтағы «Қарай», «Аралқұм», «Қарашенгел» деген жерлерге егін екті. Колхозшылар өздерінің еңбегіне қарай әрбір еңбек күнге астықтай, ақшалай табыс тауып отырды.

Аламесек елді мекенінің патшалық кезінен бастап оқу-ағарту саласы бойынша даму тарихы ертеден басталған. Аламесекте алғаш 1902 жылы 3 кластық түземдік училище ашылды. Аламесек мектебінде жеті болыстық елден 10-15 бала келіп білім алады. Олардың ішінде белгілі қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов, көп жылдар бойы партия кеңес қызметкері болған Илияс Қабылов, Төлеген Дәуітбаев, Иштанов Болатай, Мұхамметрахым Алшынбаев, Ескелді Есіркепов, Көкшінов Сәрсенбай, Бисенов Әйділда білім алады.

Аламесек мектебі 1926 жылы Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-интернат болып қайта құрылды. Жазу-сызу латын әліпбиі бойынша жүргізілді. Жайларда бастауыш мектептер ашылды. Оқыған, сауаты бар кісілер ұстаздық етті. 1936 жылы Ақарық бастауыш мектебі 7 жылдық болып қайта құрылды. Ақарықтағы орта мектеп класын тұңғыш рет 1965-1966 жылдары оқушылар бітіріп шықты. Ақарық мектебін бітірген жастарымыз қазір облысымыздың түрлі салалары мен шаруашылықтарында жемісті еңбек етіп келеді.

1986 жылдан бері Ақарық ауылының жұмыс жүргізіп келе жатқанына 40 жыл толып отыр. Содан бері мемлекет қолқорлығының арқасында ауыл келбеті өзгеріп, жыл өткен сайын өсіп-өркендеу үстінде. Алтын бесік ауылымыз абаттанып келеді.

**ЖОЛБАРЫС ЖОРТҚАН ЖЕР**

Аламесек елді мекені аудан орталығынан 45 шақырымдай қашықта орналасқан. Іргесі ХІХ ғасырдың аяғында қаланған тарихи өңір 1928-1930 жылдары аудан орталығы болғанын жоғарыда айттық. Жері құнарлы, шөбі шүйгін, балық, аң-құсы мол болғанын ба, жергілікті тұрғындар ашырылуына ұшырамаған деседі. Шымбай, Төртқұл, Қазалы уездерінің саудагерлері аталған өңірде жәрменкелер жиі ұйымдастырып, бұл өңір кейін «Жаңа базар» аталған деседі.

1900 жылы Аламесекте 220 үйдің қазақ, 50-60 үй өзбек, 20-30 үйдің ноғай қоныстанған. Ертеректе бұл аймақта 2 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебі,

кірпіш зауыты мен қасапхана жұмыс жасаған. Темірбек Жүргенов тәлім алған ауылдағы орыс-қазақ мектебінің біз айтып отырған білім ошағы екеніне көз жеткізетін деректер көптеп кездеседі.

1902 жылы іргесі қаланған Аламесек мектебі өңірдегі 6 болысты қамтитын алғашқы маңдайдалды оқу орны болған. Құрылысының қарқынды жүріне сол замандағы ауқатты азаматтың бірі Смайыл ағамыз үлкен үлес қосқан екен. Оқу құралдары Ақмешіт қаласынан түйе тасымалы арқылы жеткізілген. 1889 жылы Ташкентте ашылған оқушылар семинариясының түлегі Досмағамбет Букин де мұнда жастардың еш кедергісіз білім алуына белсене атсалысқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина мен Беларусьсияда панасыз қалған 700-ге жуық жетім бала мектеп ғимаратына орналасып, осында білімін қайта жетілдіреді. Кейінгі жылдары бұл нысан Аламесек ауруханасы болып жұмыс жасапты.

Елді мекен ертеректе «Аламесек» көлінің жағасында орналасқандықтан ауыл аты да осылай аталған. «Аламесек» көлі бұрынғы Ақарық ауылының солтүстігінде үлкен аумақты қамтып, қазіргі Сырдария ауданына қарасты Аққарма ауылына дейінгі алқапты алып жатты. Шығысындағы «Көк су» өзегі арқылы Сырдария өзенімен, түстігіндегі «Тарма көл», «Дәулет», «Сарыкөл» мен «Абызбай көлі» өзегі арқылы «Жаңадария» өзенімен байланысады. Көлдің табаны 1956-1958 жылдары тартылғандықтан жергілікті тұрғындар бұл аумақты егін шаруашылығына пайдаланған. Кейін егіс алқабы қатқылдай инженерлік жүйеге көшіп, 1966-1967 жылдары мұнда Аққарма ауылының тұрғындары күрші еге бастапты.

Сөзімізге арқау болған каналдың бастапқы атауы «Қоғалы көл» болса керек. Енді «Тарихи тереңде жатқан жер-су аты кейін қалай Аламесек атанды?» деген оқырманда сөзсіз сұрақ туындайды. Біл жөнінде көнекез қариялардан қалған әртүрлі дерек те аз емес. Бір нұсқасын жоғарыда айттық.

Расында Орта Азия мен Қазақстан туралы орыс тарихшыларының жазба деректерінде Аламесек каналы «Қоғалы көл» деп аталған. Көлдің жағасы түйе бойламайтын қалың нар қамыс болғандықтан бұл аумақты жолбарыс мекендеген деседі. Жергілікті тұрғындар жолбарыстың атын атаймы «Ала мысық» дейді екен. Осылайша «Қоғалы көл» «Аламесікты көл» атанып, келе-келе Аламесек болып кеткен дейді. Ал 1995 жылы жарық көрген «Сыр еліңде жиналған қазақтың шежіресі» атты еңбегінде Өмірзақ Ахметов ағамыз басқаша дерек келтіреді.

Ол өз туындасында Қарақалпақтардың кейінгі мекені Сырдарияның екі бетін Арал теңізіне дейін ендеп иеленгенін, ол өңірде Әбілқайыр ханның үлкен ұлы Нұралының хан болғанын айтады. Нұралы ханнан бұрын да, кейін де Қарақалпақтар екіге бөлініп, хандық құрған деседі. Бір бөлігін Қатағар билесе, келесі бөлігі Аламесектің еншісіне бұйырады. Алғашқысы Қазалы өңіріне орналасса, Аламесек хан қазіргі Жалағаш аумағына қоныстанған дейді.

Жоғарыда айтылған екі деректе де растайтын басқа да мәліметтер жетерлік. Бұл – ел аузынан және көнекез қариялардан қалған есіметтен алынған мәліметтер. Ал шынына келгенде, аталған өңір-дің тарихы тереңде жатыр.

1925 жылы Аламесек болысына 44 ауылдық кенес қараған. Аудан орталығы болып тұрған кезде мектеп, интернат, пошта, аурухана, кітапхана, мәдениет үйі мен астық қабылдау пункті жұмыс жасаған. Сол тұста Аламесек МТС ұйымдастырылды. 1932-1933 жылдары Тереңөзек ауданының жетім балалар үйі болды. Аламесек көліне құятын сулар бөгеліп, көл табаны құрғаған соң жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі елден еріксіз көшуге мәжбүр болыпты. Кейін аталған өңір «Аламесек ауылдық округі» болып қайта түлейді.

**Нұршат ҚҰЛНАБАЕВА,**  
**«Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ**  
**«Жалағаш аудандық архиві» филиалының І санатты архивісі**

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛДІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ**

Мемлекеттік тіл қай елдің болсын басты байлығы екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан оған әрбір азаматтың құрметі болуы тиіс. Әлемдегі ең бай тіл саналатын қазақ тілі де – Қазақстанның басты байлығы. Оған құрмет білдіру үшін құр уранның қажеті жоқ. Әрбір қазақстандық қазақ тілінде сөйлеп, оның қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосуды өзінен бастауы тиіс.

Елімізде Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда тайға таңба басқандай анық жазылған. Сондықтан барлық мекемеде іс-қағаздар бірінші қазақ тілінде жүреді. Мемлекеттік тіл саясатына ерекше қолдаудың болуы да сол қазақ тілінің мәртебесі жоғары екенін аңғартады.

Аудандық полиция бөлімінде қызмет атарып келе жатқанымаша қанша жыл болды. Бізге дейін де мұнда іс-қағаздар тек мемлекеттік тілде жүргізілген. Сол игі дәстүр бүгінде әлі де жалғасып келеді. Полиция бөлімінде бүгінде барлық іс-қағаз мемлекеттік тілде жүреді.

Біз мемлекеттің тілді неге басты байлыққа санаймыз? Өйткені бұл – тәуелсіздіктің, егемендіктің нақты айғағы. Сондықтан әрбір азамат мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге міндетті. Ол үшін жоғарыда айтқанындай, әуелгі жұмыс сол адамның өзінен басталуы тиіс.

Жалпы мемлекеттік тіл, ана тілге қатысты ұлылардан қалған нақыл сөздер жетерлік. Бұл тілге деген құрмет қазақ тарихында бұрыннан қалыптасқанын білдіреді. Мұндай қанатты сөздер бізге жігер беріп, мемлекеттік тілге деген құрметімізді арттырады.

**Салтанат КӨЛМЕНОВА,**  
**аудандық полиция бөлімінің жеке құраммен жұмыс жөніндегі топтың инспекторы, полиция майоры**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

**КЕНЕДЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП**

Көктем мен жаз мезгілі – табиғат аясында демалу үшін ең қолайлы уақыт. Алайда дәл осы кезеңде адам мен жануарлар үшін қауіпті жәндіктердің бірі кене белсенді болады. Кенелер түрлі жұқпалы аурулардың тасымалдаушысы болғандықтан, олардан сақтану – әрбір азаматтың міндеті.

**КЕНЕ ҚАНДАЙ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ?**

Кене шағуы арқылы адамға бірнеше қауіпті аурулар жұғуы мүмкін. Соның ішінде ең жиі кездесетіндері – кене энцефалиті, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы, боррелиоз (Лайм ауруы). Бұл аурулар адамның жүйке жүйесін зақымдап, ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан кене шағуын елемеге болмайды.

**КЕНЕДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?**

Кенеден сақтану үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет. Дұрыс киіну, табиғатқа шыққанда ашық түсті, денені толық жабатын киім киіңіз. Шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып, жеңді тартып киген жөн.

Арнайы құралдарды пайдалану керек. Кенеге қарсы репелленттерді (жәндік қу құралдары) қолдану тиімді. Өзін-өзі тексеріп отырыңыз. Орман, дала немесе шөпті жерден келген соң дененіңізді және киіміңізді мұқият тексеріңіз. Кене көбіне құлақ артына, мойынға, қолтыққа және тізе артына жабысады.

Үй жануарларын бақылау керек. Ит, мысық сияқты үй жануарларын да жиі тексеріп, қажет болса арнайы дәрілермен өңдеңіз.

**КЕНЕ ШАҚҚАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?**

Егер кене денеге жабысып қалса, оны өз бетіңізше жұлып алуға тырыспаңыз. Жақын маңдағы медициналық мекемеге дереу барыңыз. Дәрігердің бақылауында болыңыз.

Кене шаққаннан кейін бірнеше күн ішінде дене қызуы көтерілсе, бас ауруы, әлсіздік байқалса, дереу дәрігерге қаралыңыз. Қорытына айтқанда, кене көзге кішкентай көрінгенімен, адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан әрбір адам қарапайым сақтану шараларын сақтап, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Сақ болайық, денсаулығымызды қорғайық!

**Арыстанбек ІЗДІБАЕВ,**  
**аудандық аурухананың дәрігер эпидемиологы**



**Хабарландыру!**

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2026 жылы 13 сәуір күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №94 үй («Ауыл» КС» ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібі :

1. «Ауыл» КС» ЖШС-ның 2025 жылғы атқарылған жұмыстары мен серіктестік басқармасының, несие комитетінің 2025 жылғы жұмыс қорытындысы есебі.
2. Серіктестіктің 2025 жылғы қаржы-шаруашылық жұмыстарына жүргізілген тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысын талқылап бекіту.
3. Серіктестіктің 2025 жылдың қаржы-шаруашылық жұмыстарын талқылау, қаржы шаруашылық есебін бекіту.
4. Таза пайданы бөлу.
5. Серіктестіктің 2026 жылғы бюджеті мен іш-тестесін бекіту туралы.
6. Серіктестік басқармасының 2026 жылға ІС-шара жұмыс жоспарын бекіту.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысы өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

**БИН 01064000062**

**ҚАУІПТІ ЖӘНДІКТЕҢ ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?**

Күн жылығанда табиғатта көп кездесетін жәндіктің бірі – кене. Бұлар негізінен далалық жерде, бұталы өсімдіктердің басында, құмда, жайлымадарда, қораларда кездеседі. Бұталы жерлерден адам, мал өтетін болса, кене жылдам олардың үстіне жабыса кетеді. Үйімізге, ауламызға кенелер көбіне малмен келеді.

Ол адамның, малдың денесінен өзіне қолайлы қан соратын жер іздейді. Адам денесінде негізінен басты, мойндың және ішті қолайлы көреді. Бұлардың қан соруы адамға білінбейді, ауырмайды, тұмсығын теріге енгізіп, қанымызды құмылсыз әрі жай сорайды. Мұны біз бірнеше күнге дейін сезбейміз, кейін байқаусызда қолымызбен немесе қышығанда сезуіміз болмаса басқа біреу көруі мүмкін. Сондықтан саяжайда, аң, балық аулап жүргенде, жайлымызда өте сақ болу керек.

Кенелер паразиттік өмір сүріп, адамның және жануарлардың денсаулығына үлкен зиян келтіреді. Бұлардың шаққан жері қызара бөрітіп, іріндеуі де мүмкін.

Кене әртүрлі аурулардың қоздырғышын адамға жұқтырауы мүмкін. Мысалы, кү-қайырағы, кене энцефалиті, қайтымды сүзек ауруы сияқты ауруларды жұқтырады. Облыста өте қауіпті жұқпалы ауру Қырым геморрагиялық безгегінің қоздырғышын тасымалдаушы ретінде кездеседі.

Ол адамды шаққанда өзінің сілекей бездерімен вирусты адамның қанына енгізеді. Міне, осыдан кейін біз жұқпалы аурудың вирусын қанымыз арқылы қабылдап, өте қауіпті ауруға душар боламыз. Кененің денеден жалаңаш қолмен алуға, оны өзуге және қырқым кезінде қолғапсыз жұмыс істеуге болмайды.

Кене шаққанда не істеу керек? Біріншіден, асықпасау керек, кенені тез арада жұмып тастауға әрекет жасамасаңыз. Себебі кененің тұмсығы адам денесінде қалып қойса, ол жер қабынын, іріндеуі мүмкін. Сондықтан денеден тұмсығын бірге алған жөн. Бұл үшін жіңішке іс тігетін жіппен тұмсығын орап алып, жайлап ырғау арқылы кенені денеден аламыз, орнына йод немесе спирт жағамыз. Денеден табылған кенені қайтадан жерге тастамай, оны қағазға орап, өртеп жіберу керек. Кене шаққаннан кейін 1-2 апта өтіп, адамның дене қызуы көтерілсе, дел-салдық жағдайға келсе, тез арада дәрігерді шақыру керек.

Кененің қан соруына ірі қара және уақ мал ең қолайлы болып табылады. Себебі олардың қалың жүніне жабысып, көзге түспей ұзақ уақыт қоректенеді. Қан сорып болғаннан кейін кененің денесі бірнеше есе үлкейіп, малдан жерге түсіп қалып, індерге, бұталы өсімдіктердің түбіне, мал қораларға кіріп жұмыртқалайды. Келер жылы көктем айында осы жұмыртқалардан көптеген кене пайда болады. Бұл аш кенелер жайлымыға келген малға жабысып, қанын

сорып, қайтадан жұмыртқа салуға жерге түседі. Оның өсіп-өнуі осылай жыл сайын қайталанып отырады. Міне, осы ретте ерте көктемде (наурыз айы) малды залалсыздандыру жұмысын шұғыл түрде жүргізу керек, яғни кене малға жабыспай тұрғанда бастаған дұрыс.

Кененің личинкасы жабайы кеміргіштердің қанымен қоректеніп, олардан Қырым геморрагиялық безгегінің вирусын жұқтырады, яғни осы вирусты жұмыртқа арқылы шығатын ұрпағына жұқтырады. Егер уақытылы өз дәрежесінде малды кенеге қарсы залалсыздандыру жұмысы жүргізілсе, кененің тілімалда азаюына көп себебін тигізгер еді. Малды улау үшін қолданылатын дәрілер адамға зиян, сондықтан жұмыс барысында өте сақ болу керек. Үстіңізге халат, қолыңызға резеңке қолғап, ауыз-мұрныңызды жабатын қорғаныш немесе дәкеден жасалған маска болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, оның адамға, мал шаруашылығына тигізетін зияны өте көп. Сондықтан жыл бойына кенеге қарсы жұмысты тоқтатпай жүргізіп отыру керек, әсіресе ерте көктемде.

**Мереке АЖАРБАЕВА,**  
**«Ұлттық сарпта орталығы» ШЖҚ РМК облыс бойынша филиалы аудандық бөлімшесінің санитарлық-эпидемиологиялық қызмет маманы**

Береке

# Аққырдағы дәстүрлі думан



Аққыр ауылында Наурыз мейрамы жыл сайын ерекше аталып өтеді. Бұны жергілікті тұрғындар ауылға аялдаған сайын мақтаншыпен жиі айтатын. Біз де биыл осы тойға арнайы барып, ұлыстың ұлы күнін аққырлықтармен бірге тойладық. Бұл мейрамды жергілікті халық дүйім жұртпен бірге дүбірлетіп екі күн тойлады.

Аққырда өтетін Наурыз мейрамының бір ерекшелігі, мұнда тұрғындар көше-көшеге бөлініп, бір-бір төбе құрады. Ал ол төбеге елге еңбегі сіңіп, адал қызмет еткен ел ағаларының есімі беріліп, жас ұрпаққа еңбек жолы насихатталады. Ауыл тұрғындарының айтуынша, бұл игі дәстүр еліміз тәуелсіздік алған жылдан бастау алған. Содан бері ұрпақтар сабақтастығына айналып, жыл сайын жаңа күннің бастауы болған Наурыз мейрамы кең көлемде тойланып келеді. Биыл Наурызды тойлауға 9 төбе қатысты. Атап айтсақ, Жақыпбек ата, Зайыр би, Әміт би, Бекет би, Шаймағанбет би, Қалдыбек би, Өзденбай би, Өртелбай би және Қостанбай би төбесі. Аталған төбе тұрғындары мереке қарсаңында бірігіп, бір үйде Наурыз мейрамын қарсы алды, яғни мұнда қарауай тігіліп, ұлттық қолөнермен көне жәдігерлер, тағамдар мен ойындар, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлер дәртіптелді.

Наурыз тойы басталмас бұрын мәдениет үйінің алдында әр төбеден бір тұрғыннан жиналды. Олардың міндеті – төбелерді реттілікпен аралап, тұрғындардың ұлттық киімі мен тағамына, салт-дәстүрі мен концерттік бағдарламасына әділ баға беріп, жүдделі орындауға тағайындау. Біз де қазылар алқасымен бірге ауыл тұрғындарының Наурыз мейрамын қалай қарсы алатынын көрдік. Алғашқы бағытымыз – Жақыпбек ата төбесі. Береке мен бірліктің мейрамын төбе тұрғындары көтеріңкі көңіл күйде тойлап, қазылар алқасын мерекелік әсем әнмен, құшақ жая қарсы алды. Біз табан тіреген төбенің ауласына еңсеміз енгеннен қазақшылдықтың иісі аңқыл тұрғанын аңғардық. Жастар жағы ұлттық ойынды ұлықтап асық атып, бес тас ойнаса, ақжарлықты аналарымыз ұршық иріп, жүн түтіп, келіндеріне ұлттық құндылықтарды ұмытпауды үйретті. Мұнан кейін төбе тұрғындары кергесі кеңінен керілген шаңырағы биік, сән-салтанатымен ерекше көзге түскен киіз үйдің төрін ұсынып, ақ дастарханнан дәм таттуға шақырды.

Тұрғындар ең алдымен бізге Наурыз мейрамында жасалатын ұлттық тағам наурыз көже мен қарын бүрмесін ұсынды. Сондай-ақ аяғы ауыр әйелге қатысты жасалатын құрсақ той дәстүрін көрсетіп, ауыл ақсақалдарының ақ батасын алды. Мұнан кейін Зайыр би төбесіне алдадық. Барсақ, ақжарлықты аналарымыз айран пісіп, құрт жайып, шоққа таба нан көміп жатыр екен. Мейрамының сәнін кіргізген жастар әсем ән шырқап, келіндер жағы шаңырақ биін билеп, татулығы мен бірлігін көрсетті. Ауласын ерекше етіп, мейрамға сай безендірген қатысушылар киіз үйге шымылдырық құрып, қолөнер бұрышын да әзірлеген. Бұл төбенің тұрғындары ұмытылып қалған қазақтың ұлттық тағамы өрметтес дайындап, оның жасалу жолын түсіндірді.

Наурыз айы туғанда, Той болушы еді бұл маңда. Сақталушы еді сыбаға, Сапарға кеткен ұлдарға... Бұл ән Әміт би төбесінің ауласынан қалықтады. Төбе тұрғындары қазылар алқасын алтыбақан жанында ұлттық аспаппен жанды дауыста осы енді



шырқап қарсы алды. Аула ортасынан бой көтерген киіз үйдің іші толған көне жәдігер. Мұндағы тұрғындар бізге сыралғы дәстүрін көрсетті.

Сыралғы – туысы ұзақ сапарға шыққан кезде, әсіресе аға буын өкілдеріне құрмет көрсету мақсатында жасалатын сыйлық. Бұл сыйлық әдетте азық-түлік, киім-кешек немесе басқа да қажетті заттардан тұрады. Сыралғының мақсаты – қонаққа және оның отбасы мүшелеріне көрсетілетін құрмет пен iltipat.

Тұрғындар сыралғының мағынасын түсіндіргеннен кейін осы үйдің иесінің иығына шапан жауып, орамал тақты. Дәстүр дәріптелген ортаға қарын бүрме тағамы ұсынылды. 90 жастағы қазыналы карт аңызшыл Патыма Әлменбетова «аудан орталығынан тілші қызымыз ауылымызға қонақ болып келіп отыр екен, ендеше қарын бүрме тағамын осы қызыма сыралғы ретінде ұсынайық» деп дәстүрдің маңыздылығын арттырды. Осылайша менде аққыр ауылынан сыралғы алып, аңызшылдың ақ батасымен келесі төбеге қарай бет алдым.

Келесі бағытымыз – Бекет би төбесі. Төрт түлкіті түлеткен бұл төбенің ауласынан ұлттық киім киген кішкентай бүлдіршіндер алтыбақан теуіп, маз-мейрам болып жүр. Ауласынан бастап ұлттық құндылықтарды ұлықтаған бұл төбе баланың тілі тез әрі анық шықсын, сөзге шешен болсын деген ниетпен жаңа сойылған қойдың ішегі арқылы баланы қылғындыру дәстүрін көрсетті. Тұрғындардың айтуынша, бұл дәстүрді баланың нағашылары жасайды. Сондай-ақ «кішкентай нәрестенің тісі ауырмай, тез шықсын» деген мақсатта оның үстіне күріш шашты. Мұнан бөлек сәбидің анасы «балам тез еңбектеп кетсін» деп ниеттеніп, көрші-қоланың жинап, «бауырынан табақ алу» ырымын жасады. Ауылдың ақжарлықты аналары құрт, ірімшік, бауырсақ, тәттілер салынған табақты баланың бауырынан оңнан солға, солдан оңға қарай «тез еңбектесін» деп ырымдап жеті рет өткізді.

Сапарымыз әрі қарай Шаймағанбет би төбесінде жалғасты. Мерекеге орай жайылған ақ дастархан түрлі тәттілер мен ұлттық сусындарға толы. Аула ішін жаңа піскен бауырсақтың хош иісі кернеп тұр. Самаурында түтіні бүрқырап шай қайнап жатыр. Ал тұрғындар бір-бірімен көрісіп, арқа-жарқа болуда.

Мұндағы наурыз көжеден дәм татқан соң төбе өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашаладық. Жастар жағы ән шырқап, мың бұрала билесе, үлкендер жағы енші беру дәстүрін көрсетті. Иә, енші беру – ата-ананың міндеті, яғни ата-ананың балаға жасаған көмегі. Үй ішінен үйігіп, өрісін кеңейтудің бастамасы. Төбе тұрғындары мереке қарсаңында дәстүрден озбай, үлкен ұлының еншілерін беріп, бөлек шығарып, киші ұлын қара шаңыраққа қалдырды, яғни ата-ана төрт түлік малдың ішінде балаларым жаяу жүрмесін деген ниетте жылқыны ұсынды. Мұнан бөлек ыдыс-аяқ, көрпе-төсек сияқты үйге керекті заттарды да үлестіріп бөліп берді.

Мұнан кейін Өзденбай би төбесінің киіз үйіне қарай бет алдық. Қазақтың қаймағы бұзылмаған ауылда төбе тұрғындары мереке қарсаңында ұлттық өнерді ұлықтады. Тұрғындар киіз басу, жүн түту, ұршық иіру, тоқыма тоқу өнері мен тулақ шашу дәстүрін көрсетті. Тулақ шашу – жүн сабарда немесе сабап болған соң көмектескен әйелдерге берілетін шашу тағамы. Бұрын ақжарлықты әжелеріміз әр істің басталу, аяқталу сәтін жай өткізбей, соған сәйкес әдет-ғұрыптарды жасап отырған. Соның бірі – тулақ шашу салты. Мұны көбіне әйелдер жасайды. Киіз басып жатқан үй әйелдерге жүн сабап болған соң «тулақ шашуын» шашып, дастархан жайды.

Мерекелік бағдарлама әрі қарай Өртелбай би төбесінде жалғасты. Ұлттық ойындарды ұлықтаған тұрғындар «құрсақ ана» дәстүрінің маңыздылығын түсіндірді. Тұрғындардың айтуынша, құрсақ анаға кез келген адам тағайындалмайды. Оған ырымдап аяқ-қолы жеңіл, өсіп-өнген әулеттің келінін немесе көпбалалы ананы таңдап алады, яғни таңдап алынған құрсақ ана жүкті келіншекке бала дүниеге келгенше, туғаннан кейін де жанында болып, оған қолғабыс етеді.

Ауызбіршілігі мығым Қалдыбек би төбесі қазылар алқасын шашу шашып, әсем әнмен қарсы алды. Қариялар ұлыстың ұлы күнінде төс қағыстырып, амандық-саулық сұрасып, ақ тілектерін арнаса, жастар жағы ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртты.

Тұсауна бастағалған мерекелік шара кешқұрым Қостанбай би төбесінде қорытындыланды. Аулаға кіргеннен мерекелік көңіл күймен қарсы алған тұрғындар бізді ең

алдымен ұлттық спортты ұлықтап жатқан жас жеткіншіктердің өнерімен таныстырды. Жастар жағы асық атып, қазақ күресінде өзара мықтыны анықтаса, ардагерлер қол күресіп, тір тасын көтерді. Ал қос бұрымына шашбау таққан қыздар алтыбақан тебуге. Келіндер ешкі сауып, айран, сүт пісіріп, нан көміп, құрт жасап, ауылдың қоңыр тіршілігін көрсетті, ал аналар киіз басып, қолөнермен айналысты.

Наурызда жасалатын игі дәстүрдің бірі ағаш отырғызу рәсімі де төбе тұрғындарының назарынан тыс қалмады. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген қанатты сөзді берік ұстаған тұрғындар немерелерімен бірге ауласына қара өрік, қызыл өрік көшетін отырғызды.

Тұрғындардың мерекеге ерекше дайындалғаны көрініп тұр. Мұнда өткеннің үнін жеткізген бұйымдар бұрышымен, көнеден жеткен қазына бұрышы көне жәдігерлерге толы. Сондай-ақ ұлттық тағамдар, суреттер сыр шертеді, табиғаттың нәзік сыйы, ұлттық киімдер бұрышы да қарастырылған. Оң саусағынан өнер тамған аналар дастарханды түрлі тәттімен толтырып, былтырғы жазда дайындалған құрт пен сары майын, қауынғақ пен қауынқұртын да ұсынды. Мұнда наурыз көжеден бөлек балқуырдақ, жажүрек және бүрмеқарын тағамының дәмін таттық. Сондай-ақ қонақ күтуге қатысты көне дәстүрлердің бірі қазан шегелеу дәстүрінің куәсі болдық, яғни бір-бірінің үйіне барғанда «осы үйдің қазанын шегелей келдік» деді. Мұнан кейін қонақжай халық бір-бірін күтіп, келген қонаққа дастархан жайып, сый-сияпатпен шығарып салды. Қазыналы қарттарымыздың ақ батасын алған біз де 9 төбеден тұрғындармен Наурыз тойын тойладық.

Таңмен таласа оянып, тыңғылықты дайындыққа кіріскен халықтың тіршілігінен бұл мейрамды асыға күтетінін аңғару қиын емес. Ешқайсысының жүзінен шаршаңқылық байқалмайды. Бірі бұл күнге бірнеше ай бұрын дайындалғанын айтса,



енді бірі уақыттың тапшы болғанын тілге тиек етті. Десе де, төбелер бір-бірінен кем түспеді. Барлығы өнерін ортаға салып, қонақжайлығын көрсетті. Ұлыстың ұлы күнін жоғары деңгейде өткізген аққырлықтардың ауызбіршілігіне тағы да көзіміз жетті.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Наурыз мейрамын аққырлық ағайын екі күн тойлады. Алғашқы күні төбелердің Наурыз тойы өтсе, екінші күні ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастырумен мерекелік бағдарлама мен спорттық шара ұйымдастырылды.

Бұл күні ауыл тұрғындары ұлттық нақыштағы киіммен сәнденіп, дәстүрлі әндерді орындап, ауыл ішінде шеру ұйымдастырды. Шаймағанбет би төбесінің тұрғындары шеруге күйімен шығып, көпшіліктің назарын өзіне аударды. Ауыл орталығына жиналған тұрғындарды ауыл әкімі Бауыржан Шынжыров Наурыз мейрамымен құттықтап, шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан азаматтарға алғысын білдірді.

Мерекелік шарада концерттік бағдарламаны тамашалаған қазылар алқасы тұрғындардың дайындығы мен өнерін сараптады. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлде Қостанбай би төбесіне бұйырды. Ал I орынға Бекет би мен Шаймағанбет би төбесі лайық деп таңылды. II орынмен Зайыр би мен Жақыпбек ата төбесі марапатталды. Үздік үштікті Өзденбай би мен Әміт би төбесі түйіндеді. Сондай-ақ қатысушылар «Үлгілі үй», «Дәмді наурыз көже», «Еңбекқор ана», «Ерекше тағам», «Үздік қолөнер» сынды номинациялармен марапатталды. Жеңімпаздарға ауыл азаматтарының демеушілігімен тұрмыстық заттар табысталды.

Мұнан кейінгі шаралар легі спорттық сайыспен жалғасты. Жергілікті тұрғындар гир спорты, ләңгі тебу, қол күрес, арқан тартыс ойындары бойынша сынға түсті. Бұл додаға ауыл ардагерлері мен жастары, нәзік жандар да қатысты. Жеңімпаздар ауыл әкімінің алғыс хатымен, демеушілердің қаржылай сыйақысымен марапатталды. Аққыр аспанын әсем әнге бөлеп, көшесін наурыз көженің дәммен кернеген дәстүрлі думанды мерекеден тұрғындар шат-шадимен күйде тарқасты.

Ауыл тынысы

Бұған дейін Аққыр ауылына жұмыс барысымен бірнеше рет табан тіредік. Келген сайын мұндағы ішкі көшелердің сапасы сын көтермейтінін аңғарғанбыз. Ал кеше жергілікті жұрттың талап-тілегі ескеріліп, ой-шұқыры көп екі көшенің сапасының жақсарғанын көрдік. Бұл жұмыс биыл да жалғасын таба ма? Шалғай ауылдағы ағайынның ахуалы қандай? Бірліктен береке тапқан ауылға тілшілер тобының арнайы келуінің де басты себебі осы сауалдардың түйінін тарқату еді...

## БІРЛІКТЕН БЕРЕКЕ ТАПҚАН



Ауыл әкімі Бауыржан Шынжыров елді мекеннің еңсесін тіктеуге бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылып жатқанын айтады. Ауылдың ішкі көшелерінің жалпы ұзындығы 5,6 шақырымды құрайды. Шалғай ауылда бас-аяғы 6 көше бар. 2023 жылы ауылдың ішкі жолдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 5 көшеге жоба-сметалық құжаттар әзірленген. Жоба құны – 489 млн 858 мың теңге. Былтыр 182,7 млн қаржы бөлініп, Н.Таспенов және Аққыр көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл жұмыстар бүгінде жалғасын тауып, мердігер мекеме «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС қазіргі таңда М.Ахметов, Ы.Ақырзаев, Ш.Есов көшелеріне тас төсеу жұмыстарын жүргізуде. Аталған жұмысқа ауыл азаматтары да атсалысады. Ауыл әкімінің сөзіне сүйенсек, бұл бастама ауылдағы жұмыссыздық мәселесін шешуге де аз да болса өз септігін тигізіп отыр. Себебі қазіргі таңда мердігер мекеме 3 ауыл азаматын уақытша жұмыспен қамтыған.

200-ге жуық отбасы бар ауылдың негізгі тыныс-тіршілігі мал шаруалығымен тікелей байланысты. Аққырлықтар төрт түлкіті түлетіп, табыс тайқазанын толтырады. Шалғайдағы шағын ауыл болса да, жергілікті халық мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, кәсіп ашуға машықтанған. Өрине, бұл – қуантарлық жағдай. Себебі бұл ауылдағы шаруаның ширауына, әрі жұмыссыздық мәселесін тұсауға үлкен қолғабыс болып отыр.

### Шалғай ауылда 100-ге жуық кәсіпорын бар

Бауыржан Серікұлының айтуынша, елді мекенде 95 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінде оның барлығы толық жұмыс жасап тұр. Былтыр шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бойынша «Бизнес Бастау» бағдарламасына 6 ауыл тұрғыны құжат тапсырып, оның 4-еуі қайтарымсыз грант алған.

Мұнан бөлек «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2 ауыл тұрғыны асыл тұқымды мүйізді ірі қара малын өсіруге құжат өткізіп, 1 ауыл тұрғыны 4,8 млн теңге несиеге қол жеткізген.

Ауызбіршілік пен татулықты ту еткен жерлестеріміздің кәсіпке көптеп бет бұрып жатқанын қуантады. Олардың мемлекет қолдауынан құр қалмауы үшін мейлінше сүйемделу жұмыстарын жалғастыра береміз. Себебі қайтарымсыз қаржыға кенелген жерлестеріміз бүгінде сол қолдаудың арқасында қолға алған жобаларының жемісін көріп, жұмыс жасап отыр. Алдағы уақытта ауылдық клуб салуға ұсыныс беріледі. Ауыл тұрғындарының айтуынша, аядай ғана ауылдан бүгінге дейін қаншама өнер адамы шыққан. Қайбір жылдары қаралайым механизатор, сауыңшы апаларымыз облыстық, республикалық байқауларда бас бөйгені еншілепті.

Иә, таланттың бәрі ауылда. Фасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан саланы дәріптеп, оны кейінгі ұрпаққа ұлағаттап қалдыру – бүгінгінің міндеті. Қазіргі таңда мұнда ғимараттың ескілігіне қарамастан 6 үйірме тұрақты жұмыс жасайды. Атап айтсақ, «Ару ана» әжелер ансамблі, «Алақай» қуыршақ үйірмесі, «Әсем ана» ән үйірмесі, «Күміс күй» домбыра үйірмесі, «Бал бала» ұрмалы-соқталы шулы аспаптар үйірмесі, «Шебер қолдар» қолөнер үйірмесі ауыл мәдениетін көтеруге, жастардың талантын һәм талабын шындауға айтарлықтай қолғабыс болып отыр. Жергілікті өнерпаздар түрлі деңгейдегі сайыстарда топ жарып, ауыл абыройын асқақтатып келеді.

Ауылдағы аядай емхана да ел игілігіне жарап тұр. Аққырлық ағайынның денсаулығын жақсарту үшін 19 қызметкер күндіз-түні еңбек етуде. Сондай-ақ тұрғындарға 5 тесектік күндізгі стационарлық бөлім қызмет көрсетеді. Жыл басынан бері мұнда 45 тұрғын түрлі диагноз бойынша ем қабылдаған. Сала мамандары көбіне ауыл тұрғындары қан қысымы, бүйрек, өт жолы сырқатымен шағымданып келетінін айтады. Емхана 2014 жылы ел игілігіне табысталып, жедел жәрдем көлігімен де қамтамасыз етілген.

Мұнан бөлек 2024 жылы облыс әкімінің қолдауымен және «Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен ауыл жастарының спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасау үшін аңғар типтес спорт нысанының құрылысы басталып, былтыр спорт күні қарсаңында ел игілігіне табысталған болатын. Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен» номинациясы аясында абабтандыру жобаларын жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 15 млн теңге, ал аудан қазынасынан 1,5 млн теңге қаралып, спорттық жайыну алаңы салынған.

Ауыл әкімі елді мекенді аяқсумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша қазіргі таңда оңтүстік коллектордан аяқсу әкелудің тиімді тұстары зерттеліп жатқанын айтады. Алдағы кезеңде жоба-сметалық құжат әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған. Бұл – ауылдың әлеуметтік, инфрақұрылымдық әлеуеті артып келе жатқанының жарқын көрінісі. Ауыл әкімі екеуара диалог барысында ауылды дамыту бағытындағы жұмыстар одан әрі жалғасын табатынын жеткізді.

Аққырда еңбекпен еңсе тіктеген тұрғындардың береке-бірлігіне сүйсініп, ауылдың қоңыр тіршілігіне куә болдық. Ауызбіршілікпен іс қылуы жөн көретін аққырлықтардың тату-тәртіті тірлігі мен еңбекке адалдығы – көпке үлгі. Бүгінгі сапарымыздан біз осындай ой түйдік.

Бетті дайындаған Сезім НҰР